



2023 жылғы 20-24 қараша аралығында «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Матайқұм орта мектебі» КММ-не жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындысында анықталған кемшіліктерді жою барысы туралы

Анықтама

1. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ұсынылмаған.

Орындалуы: Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Матайқұм орта мектебін мемлекеттік аттестациядан өту барысында анықталған 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ұсынылмау кемшілігі бойынша, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына, ҚР Білім және Ғылым министрінің 2012 жылы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 2,3 қосымшаларына сәйкес мектепалды даярлық тобы мен шағын орталық тобына оқу жоспары ұсынылды.

Қосымша 1

2. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларды дамыту» «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» білім беру бағдарламалары ұсынылмаған.

Орындалуы: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-ші қосымшасы 4-ші тармағына сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 ж ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарының перспективалары мен циклограммасы салынды.

Қосымша 2

3. Білімі мен мамандығы бойынша, біліктілік санаттары бойынша, біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтар туралы мәлімет, мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету, мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жағдайы, ақпараттық ресурстар және кітапхана қорының әдістемелік ұсынымдарын ұсынылмаған.

Орындалуы: Аталған кемшіліктерге сәйкес, мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Жанабаева Асылзаттың «педагог-модератор» санатының куәлігі, дипломы, медициналық тексеруден өткен кітапшасының, біліктілік санатынан өткен куәліктің көшірмелері салынды және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институтының ұйымдастыруымен 2024 жыл 22.04.-03.05 аралығында өтетін «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» тақырыбында өтетін курсқа тіркелгенін хабарлаймыз.

Шағын орталық тәрбиешісі Қалам Жанар Нұрбергенқызының диплом, медициналық кітапшасының, біліктілік курстан өткен сертификатының көшірмелері қоса салынды. Еңбек өтілі 3 жылға жетпейді.

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары №70 бұйрыққа сәйкес шағын орталық тобындағы заттар мен ойыншықтар тізбесі салынып, дәлелдеме құжаттары ұсынылды.

Қосымша 3

4. Баланың даму мониторингін жоспарлаудың негізі болып табылатын және оның жеке дамуын қамтамсыз ететін мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту жеке дамуын жоспарлау парақтары ұсынылмаған.

Орындалуы: мектепалды даярлық тобының жеке даму парақтары ұсынылды.

Қосымша 4

5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің бастапқы нәтижелері ұсынылмаған.

Орындалуы: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-ші қосымшасы 5 тармағын орындау мақсатында тәрбиеленушілердің бастапқы мониторинг нәтижелері салынды.

Қосымша 5

6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымша балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің қорытынды ұсынылмаған.

Орындалуы: Аталған кемшілікті жою мақсатында 2022-2023, 2023-2024 ж. тәрбиеленушілердің даму мониторингінің қорытындылары ұсынылды.

Қосымша 6

7. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар, 2023-2024 оқу жылына арналып «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша ұсынылмаған.

Орындалуы: 2023-2024 жылығы оқу жылына шағын орталық пен мектепалды даярлық тобы тәрбиешілерінің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса жалғанды.

Қосымша 7

8. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасы, балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау бойынша 3-қосымша ұсынылмаған.

Орындалуы: Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5

желтоқсандағы № 486 бұйрығының №3 қосымшасына сәйкес, жас топтарын қалыптастыру бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы балалар тізімі ұсынылды.

Қосымша 8

9. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының сабақ кестесі жасалмаған.

Орындалуы: Жіберілген кемшіліктер мен ескертулер тізбесінде көрсетілген 9 тармақшада соңғы үш оқу жылының сабақ кестесінің ұсынылмағаны айтылған. «Матайқұм орта мектебі» КММ бойынша әр оқу жылына мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес оқу жоспары негізінде оқу жылы басында жалпы ата-аналар жиналысында таныстырыла отырып сабақ кестесі жасалып, ата-аналар комитетімен және бастауыш кәсіподақ төрайымымен келісіліп, мектеп басшысымен бекітіліп отырады. Мемлекеттік аттестация кезінде сайтқа салынбай қалған себепті кемшілік болып табылды. Кемшіліктер мен ескертулерді жою мақсатында аталған жылдар бойынша сабақ кестелері ұсынылды.

Қосымша 9

10. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қалауынша оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдауы бойынша өтініштер қабылданбаған, хаттамамен рәсімделмеген.

Орындалуы: Білім алушылардың жеке мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қалауынша өздеріне маңызды оқытудың тереңдетілген және стандарттық деңгейіндегі жаратылыстану бағытындағы оқу пәндері (ҚР Білім және Ғылым министрінің 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген оқу жоспары) таңдалып, хаттамаға түсірілді. Қосымша №1 хаттама және ата-аналардың өтініштері ұсынылды.

Қосымша 10

11. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында 10-11 сыныптардағы вариативтік компоненттегі «Жаһандық құзіреттілікті» модульдерге бөліп жүргізген.

Орындалуы: Мектептің оқу жұмыс жоспарында «Жаһандық құзіреттілік» пәні модульдерге бөлініп көрсетіліп кеткен. Алайда мұғалімдер барлық бөлімдерді сақтай отырып, пәнді бағдарламаға сай оқытқан. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы 5-9 сыныптар 68 қосымша, 10-11 сыныптар 131,132 қосымшалары басшылыққа алынды. Мектептің оқу жұмыс жоспарындағы кемшілік 2023-2024 оқу жылы түзетілді. 10-11 сыныптардың вариативтік компоненттегі «Жаһандық құзіреттілік» бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар қосымшаға салынды.

Қосымша 11

12. ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы 3-тарау 36,39,40,41,64,74, тармақтарын орындамаған. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында қорытынды аттестаттауға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы

үшін емтихан бұйрықтары, емтиханды өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары рәсімделмеген.

Орындалуы: Мемлекеттік аттестация кезінде 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы қорытынды аттестация бойынша құжаттар сайтқа салынбай қалған себепті кемшілік болып табылды. Кемшіліктер мен ескертулерді жою мақсатында 2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында қорытынды аттестаттауға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрықтары, емтиханды өткізу кестесі, емтихан хаттамасы және педагогикалық кеңес хаттамалары 12 қосымшада ұсынылады.

Қосымша 12

13. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында бастауыш, негізгі және жоғары сыныптарда оқу пәндерінен БЖБ балдары рұқсат етілген максималды балына сәйкес келмейді.

Орындалуы: Осыған байланысты комиссия мүшелері тексеру жүргізіп, нәтижесінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 4-тарау 40,41,42,44-тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (3-қосымшасы) 4-тарау 57,58,59, 60-тармағына, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18-наурыздағы № 125 бұйрығы 1-қосымшасы (1 тарау) 1,2,3,6,9- тармағына, 2-тарау 8,9,10,11,12,13-тармағында көрсетілген БЖБ жұмыстарын тиісті максималды балынан төмен (5,6 балл) алған пән мұғалімдерінен мектеп директорының атына мұндай қателіктерге алдағы уақытта жол бермейтіндіктері жөнінде түсініктеме алынып, тәртіптік шара қолданылып, «Ескерту» берілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Күзембаева Нұрболсын Бердібаевна 31.08.2023 жылы өз арызы негізінде, қоныс аударуына байланысты жұмыстан босатылды, бұйрық қоса жалғанды. Педагогтердің түсініктемелері, бұйрықтар қоса тіркеледі.

Қосымша 13

14. 2023-2024 оқу жылында «Дүниетану» пәні аясында 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесінде аталған оқу курсы көрсетілмеген.

Орындалуы: «Дүниетану» пәні аясында «өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 1-4 сыныптарға жүргізіледі. Мемлекеттік аттестация кезінде сайтқа салынбай қалған себепті кемшілік болып табылды. «Дүниетану» пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсының тақырыптары қосымша жалғанды.

Қосымша 14

15. Үш педагог біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір рет көтермеген.

Орындалуы: 1. Нағметова Айжұлдыз Әбдіраманқызы, биология, химия пәнінің мұғалімі, санаты жоқ. Жүктілікке және бала күтіміне байланысты уақытында біліктілік санатын көтермеген. Бұрынғы II біліктілік санатының мерзімі 04.04.2023 жылы аяқталған. Нағметова Айжұлдыз 21.12.2020-01.09.2021 жыл аралығында декреттік және бала күтіміне демалыста болуына байланысты аттестациядан өтуге жетістіктері жеткіліксіз болуына байланысты өтініш бермеген.

2. Серікбай Бақытнұр Рүстемқызы, музыка пәнінің мұғалімі, 2023 жылы «педагог-модератор» біліктілік санатына өтініш беріп, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтті. Педагогтерді аттестаттаудың екінші кезеңі ПББ-дан қажетті балл жинай алмады. Сертификаты қосымшаға салынды.

Жоғарыда аты аталған педагогтер алдағы 2024 жылғы аттестация кезеңіне жоспарланды, облыстық білім басқармасына тізім жіберілді. Білім бөлімінен облыстық білім басқармасына жіберілген 2024 жылға аттестациядан өтуге өтініш берген педагогтар тізімінде бар, тізім қосымша жалғанды.

3. Қоспағамбетов Амуре Жалғасович, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі, санаты жоқ. Өз арызы негізінде жұмыстан босатылды. Бұйрық көшірмесі қосымша жалғанды.

Қосымша 15

16. Тоғыз педагог біліктілікті арттыру курстарынан уақытылы өтпеген.

Орындалуы: Аталған кемшілік жойылып, педагогтар біліктілік арттыру курстарынан өтті. 1. Куатов Хамит Акимович, физика пәнінің мұғалімі, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ «Пәндерді оқытуда цифрлық ресурстарды пайдалану» тақырыбында 14.08-25.08.2023 ж. аралығында 80 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні-25.08.2023 ж, тіркеу номері-0641294.

2. Бимаханова Таңшолпан Қырымкерейқызы, бастауыш пән мұғалімі, Педагогикалық шеберлік орталығынан «Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында 120 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні 02.08.2023 жыл, тіркеу номері-001676.

3. Сарина Липа Имангалиевна, бастауыш пән мұғалімі, Педагогикалық шеберлік орталығынан «Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында 120 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні 14.06.2023 жыл, тіркеу номері-N817TMHX23.

4. Мыңжасар Жарқынбек Алтынбекұлы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, Педагогикалық шеберлік орталығынан «Мектептегі дене шынықтыру сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында 80 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні 16.02.2024 жыл, тіркеу номері-046991.

5. Бабасов Қуандық Мырзабаевич, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, 80 академиялық сағат көлемінде «Ойын арқылы оқыту бойынша педагогтердің кәсіби құзіреттілігін дамыту» біліктілік курсынан өтті. Тіркеу номері №22-31532, берілген күні:24.07.2023 жыл.

6. Тугелбаева Айша Болекбаевна, бастауыш пән мұғалімі, Педагогикалық шеберлік орталығынан «Бастауыш мектептегі сабақ: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбында 120 академиялық сағат көлемінде курстан өтті. Берілген күні 31.08.2023 жыл, тіркеу номері-001897.

7. Жанабаева Асылзат Күнжарыковна -«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-нен «Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру» тақырыбында 08.04.2024-19.04.2024 аралығында 80 академиялық сағат көлемінде біліктілік арттыру курсынан өтті.

8.Шет тілі мұғалімі Лепес Ақжібек Тәңірбергенқызы 06.05.2021 жылы жұмысқа қабылданды. Жұмыс өтілі -2 жыл 11 ай, 3 жылға толмаған. Сонымен қатар педагог 02.05.2023 жыл мен 04.09.2023 жыл аралығында

декреттік демалыста болды. Алдағы уақытта педагогтің біліктілігін арттыруға курстан өтуге білім бөліміне сұраныс берілді. 2024 жылы 22 сәуір -3 мамыр аралығында өтетін «Педагогикалық шеберлік орталығына» 80 сағаттық ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған базалық курста тіркелді. Білім бөліміне жіберілген сұраныс, жұмысқа қабылдау бұйрығы мен еңбек кітапшасы қосымшада жалғанды.

9. Қоспағамбетов Амуре Жалғасович, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі, өз арызы негізінде жұмыстан босатылды. Бұйрық көшірмесі қосымша жалғанды.

Қосымша 16

17. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы оқу жоспары типтік үлгісіне сәйкес жасалмаған, апталық, жылдық сағаттар қате есептелген.

Орындалуы: 2021-2022 оқу жылының оқу жұмыс жоспарында 1-4 сыныптарда орыс тілі, дүниетану, өзін-өзі тану, көркем еңбек, музыка пәндерінің жылдық сағаттарын жазуда қате есептелген, 5-6 сыныптарда, және 10 сыныпта жылдық сағаттары қате есептелген. 2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспарында 5-9 сыныптарда жылдық сағат көрсетілмеген. Барлық кемшіліктер түзетілді. Жұмыс оқу жоспарлары қосымшаға салынды.

Қосымша 17

18. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақыты туралы бұйрықтар ұсынылмаған.

Орындалуы: 2021-2022, 2022-2023 оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақыты туралы бұйрықтар мемлекеттік аттестация кезінде сайтқа салынбай қалған себепті кемшілік болып табылды. Кемшіліктер мен ескертулерді жою мақсатында бұйрықтар қосымшаға салынды.

Қосымша 18

«Матайқұм орта мектебі» КММ-нің
директорының міндетін атқарушы:



Х.А.Куатов